

Синбаева Г.К., аға оқытушы, ғылым магистрі
Ардах А., студент
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУ

Тірек сөздер: шешендік сөздер, педагогикалық технология, деңгейлік тапсырмалар, дамыта оқыту, шығармашылық деңгей, алгоритмдік деңгей, ізденімділік деңгей.

Шешендік өнерді меңгертуге арналған сабақ, шешендік сөз бойынша өтетін тақырыптар үстірт түсіндіріле салмай, олардың әрқайсысының оқушының тілін дамытуда, сөздік қорын байытуда, әдеби тіл нормаларына сай сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыруда тілдік сезімдер мен логикалық ойлау жүйесін жетілдіруде ерекше орын алатын амал тәсілдерін іздестіру қажет.

Шешендікке құрылған әңгімелерді, аңыздарды және өлеңдерді, т.б. оқыту баланың тілін ұштайды, сөздік қорын байытады, өмірге көзқарасын оятып, дүниетанымына жол ашады, ұлттық танымын бойына сіңіреді. Шешендік сөздерді меңгертудегі негізгі мақсат: қазақ тілі пәні арқылы оқушының таным мүмкіндігін, белсенді сөздік қорын қалыптастырып, сөйлеудің, оның ішінде шешендік сөйлеудің негізін игеріп, қарым-қатынас жасауда қолданып, әңгімелесуге, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу және шығармашылық қабілетін дамыту.

Шешендік сөздерді меңгерту үшін мұғалімнің алдына мынадай міндеттер қойылады:

- сөздік қорын молайту;
- синоним, омоним, антоним сөздерді айыра білу;
- мәтіннен бейнелі, теңеу сөздерді табу;
- астарлы, тұспалдап айтылған сөздердің мағынасын түсіну;
- шаршы топ алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- баланың көркем сөйлей білуіне көмектесу.

Әрбір педагогикалық технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдер мұғалімнің ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп, қалыптасқан жағдайға сәйкес ең тиімдісі қолданылады. Оқушыларға жүйелі білім беру және алған білімі негізінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру сияқты оқу процесінің негізгі мәселелері сабақ беру арқылы жүзеге асады. Сондықтан сабақ беру әдістеріне әрқашан да ерекше көңіл бөлініп, оны жетілдіру күн тәртібінен түспей келеді.

Шешендік сөздерді меңгертуде қолданылатын тиімді әдістердің бірі ретінде деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгеруді айтуға болады. Шешендік өнерді үйретуде деңгейлік тапсырмалар қолдану арқылы жаңа сөзді, мағыналы да мәнді, әсерлі, яғни эмоционалды, экспрессивті сөздерді сапалы меңгертуге болады.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгерудің негізгі ерекшеліктері біріншіден, үнемі тілдік қатынастың жүргізілуін қамтамасыз етеді, екіншіден, әр оқушының жеке бас қасиетін, қабілетін ескеру белгісі. Сыныптағы оқушылар бір-бірінен өздерінің сөйлеу, ойлау қабілеті, қызығушылығы т.б. қасиеттері арқылы ажыратылады. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту осы жеке қасиеттерінің барлығын ескере отырып, әр оқушының танымына, қабілетіне қызығушылығына сай ұйымдастырылады.

Үшіншіден, деңгейлік тапсырмалар арқылы шешендік сөздерді меңгертуде проблемалық түрі де басты орын алады, төртіншіден деңгейлік тапсырмалар арқылы шешендік сөздерді меңгерудің басты ерекшелігі – оқу үрдісінің үнемі өзгеріп отыруымен байланысты, яғни жаңашылдығы. Деңгейлік тапсырмаларда меңгеруге тиісті міндеттермен қоса, күрделі тапсырмаларда қамтылады, әрі оқушының қабілетіне қарай орындауға тапсырма беріледі.

Деңгейлік тапсырмалар – жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесі.

Деңгейлік тапсырмалар оқушының ойлауын дамытып, дүниетанымын кеңейтеді. Жеке өзіндік көзқарасын қалыптастырып, ізденушілікке баулиды. Жалпы, деңгейлік тапсырмаларды қолдану оқушының жеке қабілетін ашуға, өзіне деген сенімін арттыруға, әдебиет пәніне деген қызығушылығын арттыруға жол ашады.

Яғни, деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту риторика саласын сапалы меңгертуге, сабақтың қызықты, тиімді өтуіне ерекше ықпал етеді. Деңгейлік тапсырмалардағы әр деңгейдің өзіндік талап-

мақсаттарына сай тапсырмалар беріледі. Берілген тапсырмалар желісі оқушының қабілетін ұштап, шығармашылық жұмысқа жетелейді.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқытудың тағы бір ерекшелігіне тоқталар болсақ, деңгейге бөліп оқытуға бола ма? Оның тиімділігі неде? Өзіндік ерекшелігі қандай? Жеке тұлға тәрбиелеуге қандай көмегі бар? деген сұрақтарды туғызады. Мұның негізгі ерекшелігі, жоғарыда айтқанымыздай, оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Оқушыны деңгейге бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарланады. Оқушының алған тапсырмасын орындай алатындығы, жұмысты орындауға бейімділігі бақылауға алынады, алған білімін жүзеге асыра алатындығы ескеріледі.

Деңгейлік тапсырмаларды шешендік сөздерді, ұшқыр мағыналы ұғымдарды терең және жан-жақты меңгертуге қолдануға болады. Деңгейлік тапсырмалардың тиімділігі оқушы белгілі бір тақырып бойынша түрлі тапсырмалармен жұмыс жасайды. Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға қарағанда ізденімділік пен шығармашылық деңгейде орындалатын жұмыстардың мазмұны мен жүргізілу жолдары қиынырақ болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, әр деңгейде орындалатын тапсырмалар әр түрлі және түрлі талаптарға сай келеді. Деңгейден деңгейге көшкен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, тапсырма мазмұны күшейе түседі.

Ғалым Қ.Бітібаева, жоғары санатты мұғалім М.Мұқашева: «Мақсатты білім беру-технологияның басты белгілері»– дей келе, оның ұғымының тың екендігін, жаңа оқу амалдарын, іс-әрекеттерін ізденуді, жаңа ізденістерді оңтайлы пайдалану арқылы жоғары көрсеткіштерге жетуге болатындығын айтады [1, 4-5].

Сондай-ақ, ғалымдар «жоғары көрсеткіш білім деңгейін шығармашылық деңгейге жеткізу деген сөз» деп атап көрсетеді.

Деңгейлік тапсырмалардың әр деңгейіне анықтама береді. Технологиялық сабақ жоспарының жобасын ұсынады. Технологиялық сабақтарда нақты мақсат қою, мақсатты анықтау өте маңызды.

Профессор Ф.Ш. Оразбаева мен Н.Х. Шадиеваның деңгейлік тапсырмаларға төмендегідей сипаттама береді: «Оқушылық деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- мұғалім түсіндірген білімді оқушы қайталап бере алатындай болуы керек;
- оқушыны жаңадан меңгерген білімін кез келген жағдайда тани алуға дағдыландыратын болуы қажет;
- жоғарыдағы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көмек бере алуы тиіс» [2, 6].

Бұл деңгейде бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды. Алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін де пайдаланады.

«Алгоритмдік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- өткен материалдармен өзара салыстыра отырып, жаңа материалдың ерекшеліктерін ажырата алуға негізделген болуы керек;
- сөйлемді дұрыс құрай алуға машықтандыратын болуы қажет;
- тапсырмада лексикалық тақырыптардың желісі үзілмей, өзара байланысып, бірін-бірі толықтырып отыруы тиіс;
- тапсырмада берілген ойды жалғастыратындай болуы керек» [2, 6].

Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді. «Ізденімділік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- оқушыны іздендіре отырып, нәтижесінде өзіне жаңа білім алуын қамтамасыз ететін болуы керек;
- оқушыны қосымша әдебиетпен, түрлі сөздіктермен жұмыс жүргізуге бағыттайтын болуы қажет;
- оқушының ойлау қабілетін жетілдіретін тапсырмалар болуы қажет (сөзжұмбақ, ребус, жұмбақ)» [2, 6].

Эвристикалық деңгейде мақсат анық, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді. Мұнда да бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей – өнімді деңгей.

«Шығармашылық деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- белгілі бір шығармашылық жұмысқа бейімдейтін болуы керек (сурет салу, шығарма, фантастикалық әңгіме, ой толғау, өлең, әзіл өлең жазу);
- ғылыми көзқарасын қалыптастыруға баулитын болуы қажет (реферат, рецензия, баяндама, өз ойын, пікірін қосатын тапсырмалар, т.б.);

- тапсырманы мазмұны арқылы оқушыға проблемалық ситуация туғызып, баланың шығармашылық ойлауын дамытатын болуы тиіс» [2, 6].

Шығармашылық деңгей – мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі. Шығармашылық деңгейге жету жолдары оңай емес. Бұл деңгей баланың қабілетін, дарынын дамытуға ықпал жасайды. Бала тек мұғалімді тыңдаушы ғана емес, ол – зерттеуші, ізденуші, жаңалық ашушы. Ал мұғалім оқушы іс-әрекетін ұйымдастырушы, бағытберуші. Оқушының дағды іскерлігі белгілі бір мәселе, ситуацияны шешу арқылы қалыптасады.

Әр деңгейде өзіндік талаптарына сәйкес тапсырмалар жүйесі жасалады. Оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар олардың тек теориялық білімін тереңдетумен шектелмей, ойлау мәдениетін де жетілдіретіндей сипатта берілуі, бір жағынан, жас өспірімдердің тілдік құбылыстарды саналы түсінуіне негіз болса, екінші жағынан, білімге, білуге қызығуын арттырады. Бұл, әсіресе, ізденімділік деңгейдегі тапсырмаларды түрлендіру арқылы жүзеге асады. Мұғалімнің оқыту әдістерін таңдаған кезде олардың оқушы ойын дамытуға, өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға ықпалы қандай екенін алдын ала болжап анықтай алуы үлкен мәнге ие.

«Бұл технологияның бір ерекшелігі дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады» [3, 69].

Ізденімділік деңгейдегі тапсырмаларды іріктеуден бұрын, ең әуелі, оқушыларға тілдік құбылыстарды топқа бөлудің негізі туралы түсінік беріледі, одан кейін сол құбылыстарды топтаудың сатылы-бірізділік жүйесі түсіндіріледі. Мұнда классификациялаудың қандай мақсатта жасалатыны нақты белгіленеді. Мәселен, тілдік құбылыстарды олардың құрылымына қарай топтаймыз ба, әлде семантикалық немесе функционалдық-стистикалық қолданылу сипатына қарай топтаймыз ба деген мәселелердің басы ашық болуы керек. Ізденімділік деңгейдегі тапсырмалардың оқушының сөз мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндігі мол, оны шеберлікпен пайдалана білу – сапалы білімнің негізгі көзі. Ал, баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолданылатын шығармашылық деңгейде, оның қабілеттерін қажет етеді.

Психологияда қабілет ұғымына берілген анықтамалар көп. Ғалым Т.Тәжібаев «Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті» [4, 232], – дейді.

Психолог – ғалымдар қабілеттің екі түрлі деңгейде болатындығын дәлелдейді:

1. Репродуктивті /өнімсіз/ – яғни, іс-әрекетті, не білімді тек берілген үлгі бойынша қабылдай білу деңгейі.

2. Шығармашылық – жаңа нәрсе табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Ғалымдар әр баланың өзіндік қабілеті бар екендігін дәлелдеген, әрі қабілет іс-әрекет арқылы дамып, жетіліп отырады. Шығармашылық қабілет – баланың өз бетінше ізденуі, мәселенің шешімін өзгеше шешуі, бұрын алған білімін пайдалана отырып, жаңа әдіс, жаңа жол таба білуі. Жан-жақты және үйлесімді жеке бастың аса маңызды көрсеткіші – оның жоғары дәрежеде ойлау қабілетінің болуы.

М.И.Махмутов: «Егер оқыту шығармашылық қабілеттерді дамытуға алып келетін болса, онда мұны сөздің қазіргі мағынасында дамыта оқыту деп санауға болады» [5, 16] деп шығармашылық пен дамыта оқытуды тығыз бірлікте қарастырады.

Ғалым В.Л.Беспалько оқу материалдарын меңгерудің деңгейін көрсетіп, шығармашылық деңгейде баланың дарындылығы, таланты, тапсырмаларды орындаудағы іздемпаздылығы танымдық, рухани интеллектуалдық шеберлікке ұштасатындығын айтады [6, 56]. Шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар баланың ойшапшандығын, сөз байлығын дамытып, өз ойын қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландырып, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулиды. Әр түрлі ойындарды, жұмбақ, ребус, кроссворттарды осы деңгейде пайдалануға болады. Жалпы шығармашылықпен іздене білген мұғалім болашақта өзіндік көзқарасы толық қалыптасқан, білім дәрежесі жоғары, шығармашылық бағытта өз бетімен жұмыс істей алатын жеткіншектерді тәрбиелей алады.

Қазақ тілі сабағында шешендік сөздерді оқыту шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Сондай-ақ, жаңа оқыту технологияларын қазақ тілі сабағында қолдану оқушыларға мынандай мүмкіндік береді:

1. Мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім игеру қызметін өздері басқаруға;

2. Білім қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

3. Жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;
4. Білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз, дербес атқаруға;
5. Құр мәлімет алумен шектелмей әсерлі сабақтар барысында өз пікірін ашық айтып, өзара шынайы сұхбат жүргізуге;
6. Ой өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін-өздері тәрбиелеп дамытуға;
7. Сабақтың сапасын арттырып, балалардың таным белсенділігі мен дербестігін арттыруға ықпалын жоғарлатуда.

Шешендік сөзді меңгерту оқушының тілін дамытудың маңызды кезеңі болып табылады. Шешендік сөзді меңгертуде жаңа сөзді таныстыру – әдістемедегі ең қажетті де, алғашқы қадам. Жаңа лексиканы меңгертуді ұйымдастыру – әдістemenің негізгі кезеңі болады. Себебі, жаңа сөздерді үйрету арқылы оқушының сөздік қорын молайтамыз, сондай-ақ балаларды дұрыс сөйлеуге, тіл мәдениетін, стильдік қырларын еркін танып-білуге қалыптастырамыз. Жаңа сөздерді меңгерту арқылы жазбаша және ауызша тілдерін дамытамыз. Жаңа сөздерді меңгерту оқушының көркем шығармаларды түсініп оқуына да көп ықпал етеді. Бастауыш мектеп оқушыларына жаңа сөздерді үйрету, сөздік қорын дамытудағы мақсат – сирек қолданылған сөздердің тәрбиелік мәнін біліп, баланың сөйлеу тұрғысынан да, оқу және жазу тұрғысынан да сауатты, керек сөзді іркілмей айта алатын, шешендік өнерден хабары бар, саналы, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Сөз өнерін халқымыз ежелден бағалаған. Біздің парызымыз – сөз сыйлаған халықтық ата дәстүрімізді ары қарай жалғастыру, тіл қазынамызды игеру, оны өз қажетімізге жаратып қана қоймай, болашаққа жеткізу, дамытып, өрістету. Сондықтан, мұғалім әр сөзіне жауапкершілікпен қарап, өз мүмкіндігінше оқушыға жеткізіп, тіліміздің әсемдігін, шеберліктің сырын үйретіп, қара дүрсін, қарабайыр сөздерді қолданудан гөрі оқушыны қай ортада, қандай жағдайда болмасын ойын ашық, жүйелі, анық, көркем тілмен айтуға төселдіруі керек. Бұл мұғалімнің білімділігінің нышаны ғана емес, парызы екенін есте сақтағанымыз дұрыс. Жаңа сөзді түсіндіру арқылы қазақ тілінің құдіреті, байлығы, өзіне тән ерекшеліктерін меңгерту қажет. Оқушыға таныс емес, көркем сөздерді түсіндіргенде мұғалім шешендік сөздерді, даналар айтқан сөздерді дидактикалық материал ретінде орынды кірістіріп отыруы қажет.

Мектеп оқушыларының сөздік қорын молайту, жаңа сөздерді меңгерту, сөз мағынасын ұғындыру мынандай бағыттарда жүргізіледі:

Оқушыларға сөз мағынасын ұғындыруға арналған лексикалық жаттығулар проблемалық ахуал сипатында болуға тиісті;

Оқушылардың өздері меңгерген сөз мағынасын қолдана алу дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыру керек.

Оқушылар сөз ұғымын игеру барысында:

- ақыл-ой амалдарын меңгереді;
- бір құбылысты екінші құбылыспен байланыстыра салыстыру арқылы өз ойын дәлелдей алады;
- олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көріп түсінеді, сол арқылы тіл заңдылықтарын меңгереді;
- оқуға, білуге деген ынтасы артады, істеген ісіне қанағаттанады;
- өтілген материалдарды қолдана алуды үйренеді;
- жаңа сабақты меңгереді.

Сонымен, қортындылай келе, жаңа технологиялар арқылы шешендік өнерді меңгерту оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыруымен, сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асатын тиімділігімен, мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызуымен, оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерінің молдығымен, ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен тиімді.

Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын ізденіп әзірлеу – ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздардың бірлесе отырып атқаратын ісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қараев Ж. Мектепте оқытудың педагогикалық жүйесін жетілдірудің әдіснамалық негіздері // Бастауыш мектеп. 1996 №7.
2. Шадиева Н. Лексиканы оқытуда қолданылатын деңгейлік тапсырмалар жүйесі. // Ізденіс журналы, №1, 2002.
3. Шадиева Н. Оқыту процесінде жаңа технологияны қолдану // Ізденіс, 2003.

4. Тәжібаев Т., Нұрғалиева Г. Оқыту әдістері. – Алматы: 1991.
5. Махмутов М.И. Организация проблемного обучения в школе. – Москва:1977г., 240 с.
6. Белбаева. М. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: 1989.

Akentayeva Sagynai

Kokshetau State University named after Shokan Ualikhanov
lelee.lee@yandex.kz

CLIL AS A FEATURE OF LANGUAGE INTEGRATED LEARNING

The rapidly developing modern world makes difficult requirements for each person: to adapt to numerous changes in the external environment, to realize their place in the world and cultural community, to implement the acquired knowledge and skills in everyday life. One of the important roles in this process is assigned to the education system. The main task of the school is to form a full-fledged system of knowledge, skills and abilities, which will lead to the independent activity of students and their personal responsibility. At the same time, knowledge of a foreign language is becoming one of the powerful tools for expanding knowledge and professional growth.

Any language is the most important means of communication, a guarantee of the existence and progress of human society. The changes taking place in the modern world require an increase in communicative competencies and thorough language training of students. Only in this case they will be able to exchange thoughts in various life situations when communicating with other people, using the system of linguistic norms and adequate communicative behavior. In other words, the main purpose of a foreign language is the formation of communicative competence, that is, the ability and willingness to carry out personal and cultural communication with others. **Communicative competence** is not an innate quality or personality trait. It is formed in a long process of communication. And the primary task of the teacher is to create such a model of real communication so that it evokes in children a natural desire and the need to interact with other participants in the situation and gives self-confidence via communicating. Relying on a learner-oriented approach to teaching and educating the younger generation, the teacher should strive to create a diverse educational environment that will allow children to fully demonstrate their abilities and skills.

Modern educational technologies are very effective in terms of creating an educational environment that ensures the interaction of all participants in the educational process. The teacher has the right to use or independently correct any modern technology in accordance with the functions, content of educational material, goals, and objectives of teaching in a particular group of students. One of these technologies that I will use in my lessons is subject-language integrated learning - **CLIL** (Content and Language Integrated Learning). The term CLIL was first given by David Marsh in 1994. At first, this term was used to denote a process in which academic disciplines or their individual parts were taught in a foreign language. To achieve the ultimate goals of the educational process was set a dual goal: the study of a subject and the simultaneous study of a foreign language. Marsh conducted his research for several years, by 2001 had developed a methodology for teaching and language integration, and characterized it as follows: **CLIL considers the study of a foreign language as a tool for studying other subjects**. The technique forms a student's need for learning, and it allows him to rethink and develop his abilities, including in his native language. [1,1]

Modern educational methodologies give the following definition: didactic methodology that allows students to form linguistic and communicative competencies in a foreign language in the same educational context. They form and develop general education knowledge and skills. When planning training sessions based on this technique, it is necessary to take into account its mandatory components, the so-called "4 C": "content", "communication", "cognition" (thinking ability), "culture" (knowledge of cultural studies) [2.10]. I will dwell on each component in detail. "Content" – the teacher must stimulate the process of assimilating new knowledge, abilities, and skills in the subject under study. "Communication" - this stage should stimulate children to comprehensively use the means of the foreign language being studied to acquire new knowledge, abilities, and skills. "Cognition" - thinking ability. The teacher strives to maximize the development of students' thinking abilities for a better understanding of the language and the studied subject. The achievement of this goal is facilitated by tasks for the development of analytical and critical thinking, tasks and exercises for comparison, finding the main thing, etc. "Culture" - knowledge of cultural studies. Understanding the features, similarities, and differences of modern world cultures will help students quickly